Алматы облысы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі қызметіндегі проблемалық мәселелерді шешу және пенитенциарлық инфрақұрылымды жаңарту жобаларын іске асыру жөніндегі жұмыс тобы отырысының

ХАТТАМАСЫ

№ 1

Қонаев қаласы 9.01.2026 жыл

Төрағалық етті: облыс әкімінің бірінші орынбасары – **Қ. Есболатов**

Қатысқандар: облыс прокурорының бірінші орынбасары, Қонаев қаласы әкімінің орынбасары, Алматы және Жетісу облыстары бойынша ҚАЖ департаменті бастығының орынбасары, облыстық басқармалардың басшылары мен жауапты қызметкерлері, «Атамекен» КП, «Еңбек Жауғашты» РМК филиалы, «Алматы Сквер» ЖШС, «ГоссСнаб» ЖШС, «InfinitEL» ЖШС және «КазЛегПром» ЖШС басшылары мен өкілдері, қала және аудан әкімдері «Policom» жүйесі арқылы.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің Президент Әкімшілігінің хаттамасын орындау аясындағы 2026 жылға арналған жоспары туралы.

(Алматы және Жетісу облыстарының ҚАЖ департаменті бастығының орынбасары – Н.Ж. Тоқтамысов.)

2. 2026 жылға сотталғандарды оқыту бағдарламаларымен қамтуды кеңейту жоспары, кәсіби даярлау бағыттары мен курстар санын арттыру туралы.

(1. Алматы облысы «Атамекен» КП директоры – А.Т. Алиев,
2) облыстық білім басқармасының басшысы – А.А. Төлеубекова.)

3. «Еңбек» РМК кәсіпорындарында тауар өндіруге тапсырыстарды орналастырудың жоспары туралы.

(«Еңбек» РМК Алматы облысы бойынша филиал директорының орынбасары – А.С. Тусупов.)

4. Қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерде жазасын өтеп жатқан сотталғандарды елді мекендерді абаттандыруға тартылған коммуналдық кәсіпорындарға жұмысқа орналастыру мәселесі.

(Қонаев қаласы әкімінің орынбасары – М.Ф. Тұрсын.)

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша берілген ақпараттар назарға алынып, жұмыс тобы келесі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Алатау қаласының әкімдігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп: №57 мекеме аумағында цемент және бетон өнімдерін өндіру зауытын ашуға қажетті теміржол тұйығын салу жобасын іске асыру үшін қажетті жер телімдерін мемлекет қажеттілігіне алу мақсатында Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес тиісті шаралар қабылдасын.

2. Облыстық энергетика және сумен жабдықтау басқармасы мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп: Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде орналасқан өндірістердің тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында электрмен жабдықтау жүйесінің сенімділігін арттыру үшін электр трансформаторлық қосалқы станцияларын (ТП) жаңарту жөніндегі жұмыстарды жүргізсін.

3. Облыстық білім басқармасы: 2026 жылға арналған сотталғандарды оқыту, кәсіби даярлау бағыттары мен оқыту курстарының жоспарын бекітсін.

4. Алматы және Жетісу облыстары бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті «Еңбек» РМК кәсіпорынымен бірлесіп: ҚАЖ мекемесінде «KazLegProm» ЖШС өндірісін орналастыру үшін жалпы алаңы 200 шаршы метр болатын үй-жайды қарастырып, ұсынсын.

5. Қонаев қаласының әкімдігі: қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерде жазасын өтеп жатқан сотталғандарды (колония поселения) елді мекендерді абаттандыруға тартылған коммуналдық кәсіпорындарға жұмысқа орналастырсын.

6. Қала және аудан әкімдері: 2026 жылға абаттандыру жұмыстарын (аумақты көркейту, ретке келтіру және өмір сүруге қолайлы жағдай жасауға бағытталған инженерлік, санитарлық және экологиялық шаралар кешені) «Еңбек» РМК кәсіпорындарында тауар өндіруге тапсырыстарды орналастыру бойынша шараларды қабылдасын.

Осы хаттамалық тапсырмалардың орындалуы бойынша ақпаратты **2026 жылғы қаңтар айының 23-не дейін** облыс әкімі аппараты құқық қорғау органдарымен жұмыс бөліміне жолдансын.

Облыс әкімінің
бірінші орынбасары **Қ. Есболатов**